

ӘОЖ 902/904

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАҢЛЫ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІ

**Рысбергенов Мұса Ахатұлы**

[ryvsbergenov.mussa@gmail.com](mailto:ryvsbergenov.mussa@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультеті, Археология кафедрасының студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ұ.Ұ. Үмітқалиұлы

Қаңлы мемлекеті б.з.д. II ғ. қалыптасып, б.з. V ғ. дейін өмір сүрді. Замандар тоғысында өмір сүрген қаңлы тарихының мәселесі тарихи мәліметтер мен археологиялық деректер қатынасында болып табылады. Тарихи деректердің мәселесі олардың шектеулі көзінде(мәселен, қаңлылар туралы ақпарат IV ғ. антикалық авторларда кездеспейді), қаңлы тарихын баяндаудың тұтас еместігінде(яғни, үзбелі сипатта, қаңлы тарихының қандайда бір кезеңі туралы бірін-бірі жалғастырып жатқан хронологиялық тұтас баяндаудың жоқтығы) болып табылады. Бар деректердің қарама-қайшы сипатта болуы қаңлылардан этногенезі мен территориясы, тарихы жайлы ақпараттың нақты интерпритациясын күрделендіреді. Сонымен, археологиялық тұрғыдан қаңлы мәселесі оның мәдени генезисін, даму жолы мен өзгерісін, дәл осы өзгерістердің жазба деректермен қатынасын, қаңлы мәдениетінің таралу аумағын, өзіндік ерекшеліктері мен оған әсер еткен жағдайларды қарастыру жағын қамтиды.

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында өлкетанушылар мен археологияға қызығушылар қатары артуына байланысты, археологиялық ескерткіштерді тіркеу мен бастапқы зерттеумен айналысатын бірнеше ғылыми қоғамдастықтар құрылды. Оған 1895-1918 жж. аралығында жұмыс істеген Түркістан археология әуесқойларының үйірмесі мысал бола алады. Бұл кезеңдегі атаулы еңбектерге Н.П. Остроумов(Бөріжар бейіті, Жуантөбе қалашығы), И.А.Кастанье(Арыс станциясы маңындағы қорғандар) және В.В.Бартольд секілді ғалымдардың жұмыстарын жатқызуға болады. XX ғ. басында археологиялық жұмыстар сақталып қалған ескерткіштерді зерттеу және ішінара олардың бүтіндігін қолдау; археологиялық барлау және сирек түрдегі қазбалар; кездейсоқ олжаларды жинау және оларды мұражайлық сақтауды ұйымдастыру бағытында жүрді.

30-40 жылдардағы дәуірдің археологиялық зерттеулеріндегі ауқымды жұмыстар қатарына Г.В.Григорьев, Г.И.Пацевич, А.Н.Бернштамның еңбектерін жатқызуға болады.

Г.В.Григорьев 1933/35/37 ж. Қауыншы қалашығын зерттеп, оны төменгі(кейінгі қола) және жоғары(б.з.д VI ғ.–б.з. басы) хронологиялық шеңберге бөліп, Қауыншы материалдары негізінде «қауыншы» мәдениетін бөлген болатын. Ал Ташкент оазисіндегі А.И.Тереножкин, М.Э.Воронец, Т.Г.Оболдуеваның зерттеулері Г.В.Григорьев бөлген «қауыншы» мәдениетін

бекіте түседі. А.И.Тереножкин дегенмен Қауыншы I б.з.д. II-I ғ., Қауыншы II б.з. басына, С.П.Толстов Қауыншы I б.з. I-II ғ. жатқызады[К.М. Байпаков, Ж.К. Таймагамбетов 2006: 192].

Т.Г.Оболдуева қауыншы мәдениетін кушандық кезеңдегі отырықшы егіншіліктің дамуымен байланыстырып, оны ерте соғдылық мәдениеттің жергілікті нұсқасы ретінде қарастырады. Т.Г.Оболдуева б.з. III-IV ғ. жататын, қауыншы мәдениетінің мұрагері болып табылатын «джун» мәдениетін жекелендіреді[А.Н. Свиридов 2012: 4].

Г.И.Пацевич болса дәуірлер тоғысындағы ескерткіштерге бай Арыс-Талас аралығының археологиялық картасын жасайды.

А.Н.Бернштам 1938-39 жж. дәуірдің эталонды ескерткіші әрі талай жылдарға созылған пікірталас объектісіне айналған Талас алқабындағы Кеңкөл бейітін ашады. Кеңкөл көшпелілерінің жергілікті көшпелілер мен отырықшылармен(жергілікті керамика) әрі Қытай/Шығыс Түркістан мәдениетімен(мата, лак) қарым-қатынасын атап өтеді[А.Н. Бернштам 1940].

А.Н.Бернштам археологиялық материалдарға сүйене отырып, ғұндық элементтердің өлке мәдениетіне әсері туралы ойды дәлелдеуге тырысты. Оның кейінгі еңбектерінде өлкедегі үйсін ескерткіштерін сақ-үйсін мәдениетіне емес, одан хронологиялық кеш ғұндық(кенкөлдік) кезеңге жатқызу тенденциясы тұрақтады. Бұл пікір бірқатар жаңа, үйсіндік негізді сақтап қалған, алайда кейінгі(ғұн) кезең сипатына тән жерлеу дәстүрлерінің элементтері пайда болған ескерткіштердің табылуымен негізделді.

1946-1951 жж. аралығында А.Н.Бернштам Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясын басқарып, өңірдің ерте дәуірдегі тайпалық бірлестіктердің этногенезі, тарихи топографиясы, материалдық мәдениеті, хронологиялық мәселелері талданатын бірқатар еңбектер жариялайды(«Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана», «Древний Отрар»).

ОҚАЭ жұмысының нәтижесі ретіндегі Е.И.Агеева мен Г.И.Пацевичтің «Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана»(1958 ж.) атты жалпыла қорытынды еңбегін атап өтуге болады. Бұл еңбекте тұрақтар мен қалалардың типологиясы ұсынылды, экспедиция нәтижесінде табылған қыш алты периодқа(сақ – б.з.б.VII-IV ғ., ерте қаңлы – б.з.б. III ғ.–б.з. I ғ., кейінгі қаңлы б.з. I-IV ғ.) бөлінді және «қаңлы-қаратау» археологиялық мәдениеті жекелендірілді[А.Н. Подушкин 2000: 8-9].

О.В.Обельченко 1953–54 ж.ж., Бұхара облысының шығыс бөлігінде орналасқан 30 қорымды зерттеу нәтижесінде алынған материалдар негізінде оларды екі хронологиялық кезеңге бөлді: бірінші ескерткіштер тобы б.з.д II ғ. – б.з. I ғ., екінші ескерткіштер тобы б.з. II–IV ғ. жатқызылды. О.В.Обельченко бұл жерлеу орындарындағы бейіттер Орталық Азиядағы бұрыннан белгілі болған барлық қабірлерден өзгеше деп тұжырымдады. Ғалым А.Н.Бернштамның мұндай жерлеу құрылымын аймаққа сырттан енгізу туралы мәлімдемесінің заңдылығына назар аударып, олардың ғұндарға тиесілігін қайта қарау қажеттілігі туралы мәселені көтереді[А.Н. Свиридов 2012: 5].

50-жылдардың ортасында С.С.Сорокин Ферғана алқабының катакомбалық қабірлерінен шыққан керамикалық кешенге талдау жүргізіп, мұндай керамика аймақ ескерткіштерінің барлық қабірлерінде аналогия табатынын және б.з. алғашқы ғасырындағы Ферғана қоныстарының керамикаларымен ұқсастықтар кездесетінін айтады. С.Сорокин Кеңкөл қорымының ғұн тайпаларымен байланысы туралы бұрын айтылған көзқарасты қайта қарастырып, ендігіде катакомбалық құрылыс автохонды сипатта деген пікірге тоқталады. Сонымен қатар ол О. В. Обельченко ұсынған Төменгі Еділ сарматтарының ықпалын толыққанды қанағаттандырырлық нұсқа деп есептемейді[С.С. Сорокин 1956: 3-14].

К.Ақышев пен қырғыз ғалымы Ы.Кожомбердиев те А.Н.Бернштамның ғұндық теориясымен келіспеді[А.Н. Свиридов 2011]. Алайда А.Н.Бернштам өз пікірін соңына дейін түбегейлі өзгертпей, мәселенің қиындығын атап өтеді.

1960 ж. басында 50-жылдардың соңына дейін белгілі болған ескерткіштерді жинақтаған «Қазақстанның археологиялық картасы» жарияланады. Онда ескерткіштердің

орналасуы, топографиясы, жер бетіндегі керамиканың анализі, тарихи-библиографиялық анықтама беріледі.

1959-1963 жж. Шардара археологиялық экспедиция нәтижелері бұл өңірдің түп-тамыры б.з.д. кезеңнің соңғы ғасырлары – б.з. алғашқы ғасырынан бастау алатын көне егіншіліктің орталығы екенін анықтауға мүмкіндік берді. Экспедиция зерттеушілері катакомбалы жүйенің автохондылығын нақтылайтын қорытындыға келді.

60-жылдардың соңында К.Ақышев бастаған ОҚКАЭ Отырар оазисі мен Қаратау тауларының маңында Қостөбе және Пұшық-Мардан қалашығы, Мардан бейіті секілді бір топ көне заман ескерткіштері зерттеді. ОҚКАЭ-да отряд басқарушысы болған Б.Н.Нұрмағанбетов Арыс-Сырдария өңіріндегі жерлеу объектілерін зерттеді.

1967 ж. Б.А.Литвинский Джун қорымын зерттеуге сүйене отырып, Сырдарияның орта ағысының ескерткіштері, Ташкент оазисі мен Шардара ескерткіштерін қамтитын «қауыншы-джун» мәдениетін анықтайды. Қаңлы мемлекетін орта Сырдарияның территориясын иемденген кейінгі сақ мемлекеті деп қарастырады [Б.А. Литвинский 1967: 29-37 б.].

70-жылдары Ю.А.Заднепровский Жетісу мен Орта Азиядағы катакомбалы қабірлердің юечжилермен байланысы туралы айтылған идеяны дамытады. Кеңкөлді қаңлы-ғұн ескерткіші, ғұндардың жергілікті қаңлы популяциясына әсерінің көрсеткіші деп санады. Қаңлы мемлекетін Орта Азияда б.з.д. IV-III ғ. пайда болуы мүмкін, бірақ б.з.д II нақты өмір сүрген ірі бірлестік, сарматтардың өңірге басып кіруіне кедергі болған күш деп қарастырады [Ю.А. Заднепровский 1997: 30-40].

Л.М.Левина «жетіасар» мәдениетінің кезеңдемесін 60-жылдардың соңы–70-жылдардың басында жасаған болатын. 90-жылдары оның соңғы нұсқасын ұсынады: б.з.д. VII-VI ғ. мен б.з.д. соңғы ғасырлары; б.з.д. соңғы ғасырлары–б.з. I ғ.; б.з. II–IV ғ. [А.Н. Свиридов 2012: 10-11].

2000 ж. А.Н.Подушкин б.з.д. IV ғ. – б.з. IV ғ. аралығымен кезеңделген жеке «арыс» археологиялық мәдениетін ұсынады. Е.А.Смағұлов бұл пікірді сынға алып, Арыс өңірін жеке археологиялық мәдениетке бөлу үшін оның таралу ареалы нақты емес әрі оның ескерткіштері отырар-қаратау мен қауыншыдан айырма жасамайды деп есептеп, «арыс» археологиялық мәдениет пікірін негіссіз деп қорытындылады [Е.А. Смағұлов 2004: 284-301].

Сонымен, қаңлы археологиялық мәселесінің үш теориялық қыры болды деуге болады. Бірінші қыры – ғұндардың аймақтағы тарихи-мәдени процестерге әсері идеясы мен Кеңкөл бейітін сәйкестендіру мәселесі үстемдік еткен уақыт болды (К.Иностранцев, А.Н.Бернштам, С.С.Сорокин (40-жылдары), Ю.А.Заднепровский (юечжи әсері), А. М. Манделштам (Кеңкөл тікелей ғұндардың ескерткіші емес, ғұндардың ықпалы болғани ескерткіш)). Екінші қыры батыс мәдениетінің аймақтың мәдениетіне әсері туралы тұжырымдаманың пайда болуынан басталып, жерлеу құрылымдарының негізгі түрі – катакомбалық құрылымдардың пайда болуымен байланысты пікірлердің қайшылықтары мен Кеңкөлдің тиесілілігін анықтаумен сипатталды (О.В.Обельченко – сармат әсері көрінеді; Г. В. Григорьев, Т. Г. Оболдуева, С.С.Сорокин, Л.М.Левина және т.б. – автохонды генезис; К.Ақышев – Кеңкөлді қаңлыларға жатқызады; Ы.Кожомбердиев – Кеңкөлді жергілікті мәдениеттің бір кезеңі деп қарастырды). Үшінші қыры археологиялық мәдениеттерді құрылымдау, пікірлердің жалпылама қортындысын іздеу процесі. Қазіргі күннің өзінде қаңлы ескерткіштері толық зерттелуге жақындаған жоқ деуге болады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. – Алматы, 2006.
2. Свиридов А.Н. Кангуйская проблема в археологии Казахстана, 2012.
3. Бернштам А.Н. Кенкольский могильник. - Л. 1940.
4. Подушкин А.Н. Арысская культура Южного Казахстана IV в. до н.э. – IV в.н.э. Түркістан, 2000.
5. Сорокин С.С. О датировке и толковании Кенкольского могильника. // КСИИМК. - Вып. 64. 1956.

6. Свиридов А.Н. Гунно-сарматская эпоха Казахстана: проблемы методологического изучения. – Алматы, 2011.
7. Литвинский Б.А. Советская археология (журнал). 1967, 29-37 б.
8. Заднепровский Ю.А. Древние номады Центральной Азии(Сборник статей). - Санкт-Петербург, 1997:
9. Смагулов Е.А. Арысская культура: миф или реальность (заметки по поводу) / Известия НАН РК № 1. Алматы, 2004.